

**Министерство образования и науки Республики Казахстан
Карагандинский государственный технический университет**

ТРУДЫ
*III Республиканской
научно-практической конференции*

**«СУДЬБОНОСНЫЕ РЕШЕНИЯ ПЕРВОГО
ПРЕЗИДЕНТА РК Н.А. НАЗАРБАЕВА
ПО ФОРМИРОВАНИЮ НОВОГО КАЗАХСТАНА»**

27 ноября 2015 г.

Караганда 2015

ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ

Қазақ ойлауында толеранттылық мәселесі тап бүгін көтеріліп жатқан жоқ. «Толеранттылық» ұғымы қолданылмағанмен де «мәміле», «мәмілегерлік», «түсіністік», «сыйластық» деген сияқты ұғымдар ежелден бері қазақ ойлауының арқауы болып келді. Толеранттылық сонымен бірге – тілектестік, ізгі ниеттілік, кеңдік, қасиетті сұхбат пен ынтымақтастыққа әзірлік. Толеранттылық деген кез келген идеологиялық жүйені немесе саяси ұстанымды қолдау емес. Толеранттылық көзқарас еш те бір пікірге және қимылға немқұрайды қарамайды. Қазақ руға, жүзге бөлінсе де, халықтың, елдің бірлігі, ынтымағы туралы хандар да, билер де, ақын-жыраулар да үнемі кам жеумен болды. Қазақтардың ежелгі менталитетіне тән қасиет – адамдардың, ұлттардың, елдердің арасында ізгі ниетті, адал, бейбіт, ашық қарым-қатынасты орнату болып табылады. Қазақ халқын әлемдегі өзге ұлттар мен ұлыстардан ерекшелендіретін қасиет оның достық пен бейілдігінде. Ата-баба дәстүрлерін ұстансақ, басқа халыққа деген жүректе жаман ой болмайды. Мәселен, Еділ батырға Византиядан бас уәзір Харлампиді өздерін жаулап алмасын деген өтінішпен келіп, алайда ебін тауып оны өлтірудің амалын іздеп жүргенде, Еділ батырға қызмет ететін бір гректі кездестіреді. Оны көрген Харлампиді: «Сен мұнда неғып жүрсің, бұлар бізге дұшпан ел ғой», дегенде, анау: «Жоқ, бұл әділетті ел. Ал біздің еліміздегі заңдардың бәрі жоғарыда отырған адамдарға ғана қызмет етеді, солардың мүддесін ғана қорғайды, мұнда, бұлардың тәртібі бойынша, барлық адамдарды бірдей қорғайды. Мен, міне, бөтен адаммын, олар менің құқымды бұзбайды. Сыйлайды, еңбегімді бағалайды. Демек, ата-бабамыздан өзге жұртқа көрсетілетін қасиетті құрмет бізде әлі де ерекше сақталған. Мұндай тәрбие тамырын тереңнен алып, ата-бабаларының қанымен сіңген. Өйткені, өткенмен сабақтастық болмай, жарқын болашаққа қадам басу мүмкін емес. Адамды қайта тәрбиелеу өте қиын. Ал қазақ халқында шыдамдылық пен сабырға шақыратын тәрбие баяғыдан бар.

Толеранттылық – қазақ халқының қанына сіңген қасиет. Қазақтардың ашықтығы, адамсүйгіштігі, қонақжайлығы кешегі Кеңес дәуірінде белгілі саясатқа байланысты шешендер мен немістерді, корейліктерді қазақ жеріне күшпен қоныстандырған кезде анық көрінді. Мұндай халықтар үшін Қазақстан – екінші Отанына, құтты мекеніне айналды. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, этникалық қоғамда толеранттық қатынастардың қалыптасуында өзекті мәселелердің бірі – тіл теңдігі мәселесі.

ҚР Конституциясында мемлекеттік тіл – қазақ тілімен қатар орыс тіліне де ресми әлеуеттік береді. Азаматтардың біздің елдегі дәстүрлі тілдер қазақ және орыс тілін меңгерулерімен бірге халықаралық тіл – ағылшын тіліне де көңіл бөлу көзделуде. Бұл барлық сала жағынан халықаралық қарым-қатынастың жоғары деңгейіне көтерілуіне мүмкіндік береді. Міне, сондықтан үш тілдік тұжырымдаманы жүзеге асыру ұлттық дамудың бастамасы болып табылады және Қазақстан қоғамында толеранттық қатынастарды дамытуға жағдай жасайды.

Жаңа Қазақстан – Тәуелсіз Қазақстан өзінің толеранттық саясатын ұлттар мен ұлыстардың, әртүрлі діндер мен конфессиялардың бірлігі мен сыйластығын қамтамасыз ету арқылы әлемге паш етіп отыр. Қазіргі таңда

Қазақстан этносаралық, дінаралық татулық жағдайында көп елдерге үлгі. Халықаралық ұйымдар мен әлемдік сарапшылардың пікірінше Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қомақты үлес қосуда. Оның бір айқын дәлелі – дүниежүзінде тұңғыш рет қазақ жерінде ұйымдастырылған әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің өткізілуі болды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің өткізілуі үшін Қазақстан жерінің таңдаулы Қазақстан халқының абыройы, беделі, бейбітшілік пен саяси тұрақтылықтың ұлтаралық және діни түсіністіктің қазақстандық моделінің дүние жүзінде мойындалуы болды. Қазақ елінің басшылығы да бүгінгі әлемнің жаңа тарихында бұрынғы халифалар мен сұлтандардай бір басшы, бір жолбасшы ретінде дінаралық және ұлтаралық татулық пен үндестік идеологиясын жүргізіп, әлемге бейбітшілік шаңырағын тұрғызуға қадам жасап келеді. Біз Қазақстан халқының діни және этносаралық татулықты ту еткен асыл қасиеттерін әрдайым мақтан тұтамыз. Бұл жетістіктерімізді әлем жұртшылығына үлгі етуге ұмтыламыз. Жаңа мыңжылдықта толастамай отырған әлемнің әр бұрышындағы діни текетірестер мен ұлттық қақтығыстардың алдын алуға ықпал етіп келеміз. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жүргізіп отырған мемлекеттік-конфессиялық қатынастың қырағы саясатын айта кеткен жөн. Президентіміздің көрегендігі – бір елдің, бір діннің шеңберінде қалып қоймай, діннің мүмкіндігін жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан бағалай білгені [1].

Жас тәуелсіз мемлекетіміз егемен даму жылдарында әлеуметтік, этносаралақ және діни қақтығыстарға ұрынбай өтіп олардың алдын алу мен реттеудің тиімді жүйесін жасай алды. Қазақстан әлемдік конфессияаралық үнқатысулардың бастамашысы және ұйымдастырушысы ретінде танылды. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерінің съездері елдер мен халықтар арасындағы бейбітшілік пен ынтымақтастықты нығайтудың маңызды буынына айналып отыр. Елімізде қалыптасқан этносаралық, дінаралық, мәдениетаралық келісімді одан әрі жетілдіру 2020 жылға дейінгі индустриялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру үшін

ауадай қажет. Дін сияқты өте нәзік мәселеге еліміз бүгін де діни төзімділіктің үлгісін көрсетіп келеді.

Діндердің арасында айырмашылық болғанымен сол дінге сенетін адамдардың арасында діннен туатын араздық, алауыздық болуы мүмкін емес. Егер халықтар арасында келісім, ынтымақ, бірлік болмаса, онда ешқандай экономикалық өсу де, халықаралық бедел де болмайды. Қазіргі күні барлық адам баласы үшін ең құнды саналатын ортақ негіз – ол ынтымақ болуға тиіс. Діни толеранттық – бұл діни бірлікті зорлап міндеттеу емес, басқаша ойлайтын адамға төзімділік көрсету, оның өзгешелігін ескеру, екі жақты өзара түсіністік болуы керек.

Нұрсұлтан Назарбаев елімізді қазіргі замандағы беделді мемлекеттер қатарына қосты. Ол еліміздің көпұлтты халқына жолбасшы бола білді, адамдарға реформалардың түпкі мәнін түсіндіріп, өзінің мықты беделімен оны жүзеге асыруды қамтамасыз етті. Шетелдерде біздің Отанымызды өңірдің көшбасшысы, «Орталық Азия тәжінің жауһары» деп атай бастады. Бүгінде Қазақстан шартарапқа Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктегі ғана емес, сонымен қатар бүкіл түркі әлеміндегі өркенді мемлекет ретінде танылды.

Қазақстан үшін, қазақ ұлтының рухын жандандыру міндетін шешу үшін ең алдымен өзіміздің шынайы тарихымызды, мәдениетіміз бен дінімізді терең пайымдап, сезінуіміз қажет. Әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады. Қоғамдағы рухани құндылықтар тек адамның жетілуіне, кемелденуіне, үйлесімді өмір сүруіне қызмет етуі тиіс.

Құндылықтар әр қоғамның жетілген, дамыған деңгейіне байланысты болады. Ұлттық құндылықтар өнер, ғылым, саясаттан да көрінеді. Ішіндегі ең маңыздысы, адамның ішкі әлемі туралы рухани құндылықтар.

Дін қай кезеңде де қоғамдық сананың маңызды түрі ретінде тамыры тереңге жайылған жалпы адамзаттық өркениеттің, рухани игіліктердің құрамдас бөлігі болып есептеледі. Сондықтан, ол әрбір елдің, әрбір халықтың тұрмыс – тіршілігінен, күнделікті өмірінен өзекті орын алған. Өйткені, дін арқылы адамзат баласы ықылам заманнан бері қоршаған ортаны танып-білудің, оны рухани меңгерудің жолдарын қарастырып келеді. Дін мәселесі адамзаттың ең ежелгі және адамзаттың негізгі қажеттілігін өтейтін құндылық. Тарихқа үңілсек діннің өркениетке жетудегі рөлін көреміз. Ислам дінінің шыққан кезеңінің өзін алып қарасак, діннің қаншалықты орасан зор күшке ие екенін көреміз. Ұлтты құратын діні мен тілі. Қазақ елі болғалы бері, шын мәнінде қазақтың ұлттық мәдениеті исламман біте қайнасып кеткен. Ұлттық құндылықтар дегеніміз, ең бірінші адамды тәрбиелеуден басталады. Абай қысқа ғана «Адам бол!» деген сөзбен дүниенің бар сырын ашып берген. Ал адам болудың сыры қайда? Ол ұлттың бойындағы барлық жақсы қасиеттерді адамның бойына

жина деген сөз. Әрбір ұлттың ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығы діни құндылықтармен астасып жатады [2].

Толеранттылыққа қол жеткізудің жолы өте күрделі және көп сатылы. Толеранттылық өзінің бірізділігін және басқаның бостандығы мен құқығына құрметті сақтауға шақырады. Өзінің тамырын ұмытпау керек, бірақ әлемдік қауымдастықтағы жаһандануда өзіне тұйықталуға да болмайды. Басқа мемлекеттермен, өркениеттермен, мәдениеттермен, діндермен бейбіт өмір сүру керек. Тек қана әлемдік қауымдастықта ғана емес, сонымен қатар өзінің елінде, мемлекетінде, микроәлемінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау қажет.

Біздің әрекетіміз тек қана Қазақстан халқының мәдениетінің қайта өрлеуіне мақсатталмаған, сондай-ақ үздіксіз сұхбат жүргізуге, еліміздің барлық этникалық және конфессионалдық топтар арасында достық қарым – қатынас орнатуға бағытталған. Қиын кезеңдерде біз барлық этникаарлық және конфессиялық топтар мен елімізде тұрып жатқан халықтар арасында өзара қарым-қатынастың әмбебап үлгісін жасай алдық. Бұл үлгі өзара түсінушілік пен төзімділікке, қазақтардың ежелгі жерінде тұратын барлық этнос өкілдерінің еліміздің тағдыры үшін азаматтық жауапкершілігі мен патриотизміне негізделген. Біздің тәжірибемізді ең жоғары халықаралық деңгейде мойындады. Ол көпұлтты қоғамдағы азаматтық бейбіт формуласының тәжірибеде іске асуы болып табылады.

Қазақстанда азаматтық бейбіт пен келісім – ол мемлекет пен қоғамның тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Сондықтан да көпұлтты Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз ету біз үшін тек өткен мен қазіргінің жетістігі ғана емес, болашақтың да мәселесі.

Діни төзімділік және дінаралық үнқатысуды құндылық ретінде қабылдау бұл өзара түсіністікті туындатады. Басқаны түсіну, ұлттардың мәдени ерекшелігі діндер арасындағы сұхбатты адамзатқа ортақ құндылықтар негізінде іске асыру еліміздегі дінаралық татулықтың негізі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. С.Әмірғазин, Дін келешегіміздің келбеті. Алматы ЖШС «Аян Әдет» 2001 ж.
2. А. Әділбаев, Кемелдік кілті. Астана 2011 ж.